



12-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛЕМДІК САЯСАТТЫҢ ЖАҒАНДАНУЫ. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ

Әлемдік саясаттағы гендер ұғымы





Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Әлемдік саясаттағы гендер ұғымы

Феминистер мен гендерді зерттеушілер әдетте жынысты (биологиялық сипаттамалары, ең алдымен, генитальды және репродуктивті) гендерден (еркектік пен әйелдікті білдіретін әлеуметтік кодтар) ажыратады. Тіпті бастапқы жыныстық айырмашылықтың бар екендігіне күдік тудырды, өйткені еркек пен әйел арасындағы алғашқы ажырату тарихи тұрғыда құбылмалы, сексисттік болжамдарға сай қалыптасқан, медициналық және биологиялық категориялаудың жаңа формаларымен түрлендірілген болып табылатынын түсінеміз. Маңыздысы сол, жыныс кейбір мағынада біз кім екеніміздің элементі болып табылса, гендер біздің сәйкестігіміздің (жеке басымыздың) ұжымдық параметрлерін анықтайды. Осы себепті гендер «жыныстық айырмашылықтарды әлеуметтік институцияландыру» және «әлеуметтік тұрғыдан таңылған жыныстық бөліну» деп сипатталады.

Жаһандық гендерлік саясат

1975 жылы Мехико қаласында феминистік азаматтық қоғамның жаһандық коалициясын жұмылдырудан кейін гендерлік оқшаулаудың көптеген аспектілерін, жалақы айырмашылығы мен экономикалық автономиядан бастап бейбітшілікке қол жеткізудегі әйелдердің рөліне дейін елеп-ескеру үшін Біріккен Ұлттар Ұйымы әйелдер жағдайына арналған Бірінші Дүниежүзілік Конференция - ресми үкіметаралық саммитін өткізді. Нәтижесінде, Біріккен Ұлттар Ұйымының Әйелдердің мүдделерін дамыту жөніндегі арнайы қоры құрылды («Әйелдің БҰҰ» болу үшін кейіннен басқа құрылымдармен біріккен ЮНИФЕМ). Мексиканың соңынан 1980 жылы Копенгагенде және 1985 жылы Найробиде конференциялар жалғасын тапты. Конференцияларда үкіметтік емес ұйымдардың қатысуы және феминистік топтар арасында жаһандық ынтымақтастық салдарынан олар әлі күнге дейін «жаһандық феминизмнің туған жері» деп аталады.

Гендерлік экономика

Дүниежүзілік экономикалық форум деректеріне сәйкес ерлердің орташа табысы 23 мың долларды, әйелдерде - 12 мың долларды құрайды. 88 елдегі ерлер мен әйелдердің еңбегіне ақы төлеу туралы заңдар мәртебесін қамтитын PwC интерактивті құралына сәйкес (PwC's Global Gender Pay Compass) 34% елдердің гендерлік теңдікке қатысты нақты заңдары немесе санкциялары жоқ, 43% елдердің гендерлік теңдік туралы бір немесе басқа түрдегі заңдары бар, бұл ретте бұл заңдарды орындамағаны үшін санкциялар қарастырылмаған және тек 23% елдің (Қазақстанды қоса алғанда) заңдарды сақтамағаны үшін санкциялар қарастырылған еңбекке гендерлік төлем туралы заңдары бар. Әйелдердің еңбек нарығына толық кірмеуіне байланысты кейбір елдер ЖІӨ-нің 27%-ын жоғалтады (Халықаралық валюта қорының деректері). Әйелдердің еңбек нарығында ерлер деңгейіне дейін қатысуын арттыру елдердің ЖІӨ-сін айтарлықтай өсіреді, мысалы, АҚШ-та 5%-ға, Жапонияда - 9%-ға және Мысырда - 34%-ға.

Гендер және саясат.

Өртүрлі салаларда, әсіресе саясатта гендерлік теңдікті қамтамасыз ету әлемнің көптеген елдеріндегі мемлекеттік саясат бағыттарының бірі болды. Бұл үрдіс әйелдерді кемсітуге қатысты халықаралық келісімдерді ратификациялаған Қазақстанға да тән. Бұдан басқа, 2006-2016 жылдарға арналған гендерлік теңдік стратегиясын іске асыра отырып, ол гендерлік теңдікті қамтамасыз етуге арналған жаңартылған стратегия - Қазақстан Республикасында 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасын құрды.

БҰҰДБ-ның 2014 жылғы гендерлік теңдік индексі деректеріне сәйкес Қазақстан 152 ел арасынан 59-шы, ал 2018 жылы 43-ші орынды иеленді. 2016 жылғы Дүниежүзілік экономикалық форум нұсқасына сәйкес Гендерлік айырмашылық индексі зерттеу нәтижелері бойынша Қазақстан 144 елдің ішінен 51-ші орынды иеленді. Осы индекс бойынша Қазақстан «Жұмысшы әйелдер» - ерлерге қатысты үлес көрсеткіші бойынша 25-ші орынды иеленеді.

Жалпы алғанда, саясатқа әйелдердің аз қатысуы тек Қазақстанға ғана тән емес, бұл - жаһандық үрдіс. Бүгінде дүние жүзінде еңбекті қорғау саласындағы гендерлік айырмашылық 96%-ға, білім беруде 93%-ға, ал саяси қатысуда – тек 20%-ға еңсерілді. Осыны ескере отырып, әлемдік тәжірибеде әйелдердің елдің қоғамдық және саяси өміріне араласу әлеуетін арттыру үшін түрлі тетіктер іске асырылуда, бұл әйелдердің араласу деңгейін арттыру бойынша оң және тиімді шараларды анықтау үшін жан-жақты зерттеуді талап етеді.



Кітап: Әлемдік саясаттың жаһандануы. Халықаралық қатынасқа кіріспе

Дәріс: Әлемдік саясаттағы гендер ұғымы

Гендерлік теңсіздік - әлеуметтік жүйенің сипаты болып табылады, оған сәйкес әр түрлі әлеуметтік топтар, ерлер мен әйелдер, олардан туындайтын қоғамдағы тұрақты айырмашылықтар мен тең мүмкіндіктерге ие.

Патриархат - бұл адам саяси биліктің және моральдық биліктің негізгі тасымалдаушысы болып табылатын әлеуметтік ұйымның нысаны, меншікке бақылау жасайды, отбасылардағы әкелердің жетекші позициясы бар.

Кемсітушілік - бұл белгілі бір әлеуметтік топқа тиесілі болғандықтан, теріс көзқарас, алалаушылық, зорлық-зомбылық, әділетсіздік және адамдардың белгілі бір құқықтарын айыру.

Қиылысу (немесе қиылысу теориясы) - әртүрлі нысандарды немесе қысымшылықты, басымдылықты немесе кемсітушілік жүйелерді қиылысуды зерттеу болып табылады.